

"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Қырғыз Республикасында мектеп салу туралы келісімді және 2012 жылғы 22 тамыздағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Қырғыз Республикасында мектеп салу туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 10 қазандағы № 1070 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Қырғыз Республикасында мектеп салу туралы келісімді және 2012 жылғы 22 тамыздағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Қырғыз Республикасында мектеп салу туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мажілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан

Республикасының

Премьер-Министрі

С. Ахметов

Жоба

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Қырғыз Республикасында мектеп салу туралы келісімді және 2012 жылғы 22 тамыздағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Қырғыз Республикасында мектеп салу туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы

2012 жылғы 22 тамызда Бішкекте жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Қырғыз Республикасында мектеп салу туралы келісім және 2013 жылғы 11 сәуірде Астанада жасалған 2012 жылғы 22 тамыздағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Қырғыз Республикасында мектеп салу туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттама ратификациялансын.

Қазақстан

Республикасының

Президенті

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Қырғыз Республикасында мектеп салу туралы келісім

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі,

екі мемлекет арасындағы достық қатынастарды дамытуға, Тараптар мемлекеттері халықтарының арасындағы тарихи және мәдени байланыстарды нығайтуға ниет білдіре

О т ы р ы п ,

Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларының нормаларын ескере отырып, білімнің дамуын екі мемлекеттің мәдени өзара іс-қимылдарының және салынударының маңызды шарты деп есептей отырып, төмендегілер турашын көлікті:

1-бап

Осы Келісімнің мақсаты қазақстандық тараптың «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы бөлестін 1 200 800 мың теңге мөлшеріндегі қаражаты есебінен Ош облысы Қарасу ауданының Ишкаван ауылында 900 орындық мектепті салу және оған іргелес жатқан аумақты (бұдан әрі - объект) абағандыру болып табылады.

2-бап

Қырғыз тарапы объектінің құрылышы үшін Қырғыз Республикасының заңнамасына сәйкес қандай да бір міндеттемелерден босатылған 4,1 га мөлшеріндегі жер участасын (телімін) ұсынады.

3-бап

Қырғыз тарапы объектінің құрылышы бойынша бас мердігерді іріктеуді жүзеге асырады, ол өз кезегінде құрылышты Қырғыз Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қырғыз тарапының, бас мердігердің және қосалқы мердігерлердің міндеттемелеріне жауапты емес.

Қазақстан тарапы 1-бапта көзделгеннен басқа қосымша қаражат бөлмейді.

4-бап

Қырғыз тарапы Қырғыз Республикасының техникалық және нормативтік талаптарына сәйкес жобалау-сметалық құжаттамаларды әзірлеуді, инженерлік желіге

қосылу үшін және басқа да жұмыстарға қажетті рұқсат беру құжаттамаларын ресімдеуді, мемлекеттік сараптама жүргізуді қамтамасыз етеді.

5-бап

Осы Келісімге Тараптардың өзара келісімі бойынша жеке оның ажырамас бөлігі болып табылатын және жеке хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

6-бап

Осы Келісімнің ережелерін қолдануға және/немесе түсіндіруге байланысты даулар туындаған жағдайда Тараптар оларды консультациялар және келіссөздер жолымен шешетін болады.

7-бап

Осы Келісім Тараптар мемлекеттері қатысуышылары болып табылатын басқа да халықаралық шарттардан туындаитын әр Тараптар мемлекетінің құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

8-бап

Осы Келісім оның қүшіне енуі үшін қажетті мемлекетішлік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама дипломатиялық арналар арқылы алған күнінен бастап қүшіне енеді.

Осы Келісім белгісіз мерзімге жасалады және Тараптардың бірі оның қолданылуын тоқтату ниеті туралы екінші Тараптың жазбаша хабарламасын дипломатиялық арналар арқылы алған күнінен бастап алты ай өткен соң өз қолданысын тоқтатады.

2012 жылғы 12 тамызда Бішкек қаласында әрқайсысы қазақ, қырғыз жәнеорыс тілдерінде екі данада жасалды, әрі барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру кезінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінеді.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Қырғыз Республикасының

Үкіметі үшін

2012 жылғы 22 тамыздағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Қырғыз Республикасында мектеп салу туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттама

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қыргыз Республикасының Үкіметі

2012 жылғы 22 тамыздағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қыргыз Республикасының Үкіметі арасындағы Қыргыз Республикасында мектеп салу туралы келісімнің (бұдан әрі — Келісім) 5-бабын басшылыққа ала отырып, Келісімге мынадай өзгерістер енгізуге келісті:

1-бап

1. Келісімнің тақырыбындағы «мектеп» деген сөз «екі мектеп» деген сөздермен ауыстырылсын.

2. 1 және 2-баптар мынадай редакцияда жазылсын:
« 1 - б а п

Осы Келісімнің мақсаты қазақстандық тараптың «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы бөлетін 1 200 800 (бір миллиард екі жүз миллион сегіз жүз) мың теңге мөлшеріндегі қаражаты, есебінен Бішкек қаласында 500 орындық және Ош қаласында 500 орындық мектептер салу және оларға іргелес жатқан аумақтарды (бұдан әрі - объектілер) абаттандыру болып табылады.

2 - б а п

Қыргыз тарапы объектілерді салу үшін Бішкек қаласында 2,49 көлемінде және Ош қаласында 2,5 га көлемінде Қыргыз Республикасының заңнамасына сәйкес қандай да бір міндеттемелерден босатылған жер участкерін ұсынады.».

3. 3-баптың бірінші бөлігіндегі «объектінің» деген сөз «объектілердің» деген сөзben ауыстырылсын.

4. 4-бап мынадай редакцияда жазылсын:
« 4 - б а п

Қыргыз тарапы Қыргыз Республикасының техникалық және нормативтік талаптарына сәйкес жобалау-сметалық құжаттамаларды әзірлеуді, объектілерді инженерлік желілерге қосу және басқа да жұмыстар үшін қажетті барлық рұқсаттама құжаттамаларын ресімдеуді, мемлекеттік сараптама жүргізууді қамтамасыз етеді.».

2-бап

Осы Хаттама Келісімнің 5-бабына сәйкес оның ажырамас болігі болып табылады.

Осы Хаттама оның күшіне енүі үшін қажетті мемлекеттішлік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама дипломатиялық арналар арқылы алынған күнінен бастап күшіне енеді.

2013 жылғы 11 сәуірде Астана қаласында әрқайсысы қазақ, қыргыз және орыс

тілдерінде екі түпнұсқа данада жасалды әрі барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Хаттаманың ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінеді.

Қазақстан Республикасының

Үкіметі үшін

Қыргыз Республикасының

Үкіметі үшін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК